

## Бюджеттік берешектер бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қыркүйек N 1134

Тұрғын үй саласын кредиттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақтың "Астана-Холдинг" холдинг компаниясының республикалық бюджетке қосылған құнға салынатын салық бойынша 68 (алпыс сегіз) млн. теңге берешегін, аталған компанияның күрделі құрылыс объектілерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне құрылыс пен тұрғын үй сатып алуды жеңілдікпен ұзақ мерзімді кредиттеуге арналған республикалық бюджеттен алынатын қаражат есебіне беру жолымен есептеме жасау туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақтың "Астана-Холдинг" холдинг компаниясының республикалық бюджетке қосылған құнға салынатын салық бойынша 68 (алпыс сегіз) млн. теңге берешегін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне

аталған мақсатқа арнап республикалық бюджетте көзделген қаражат есебіне есептеме жасасын.

3. Аталған есептеме 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі